

Л.Т.Жұмақанова, Ш.Т.Мұхамеджанова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Қазақ және француз тілдеріндегі соматикалық фразеологиялық синонимдердің салыстырмасы**

Мақалада қазақ және француз тілдердің соматикалық фразеологиялық тіркестерінің құрылымы қарастырылды. Авторлар қазақ және француз соматизмдерді жіктеп, оларды топтарға бөлді. Ана тілі арқылы француз тілді оқып үйрену мәселесін көтерді. Қазақ және француз тілдерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктері бірегей сөздер мен аналогиялардан анық көрінді, ал бұл оқушылардың білімін байытады. Көтерілген тақырыптың өзіндік және ғылыми маңызы зор.

*Кілтті сөздер:* тіл, қазақ, француз тілдері, фразеологизм, сомафразеологизм, сөз тіркестері, компонент, грамматикалық тәсіл, соматизм, мәдени-тарихи байланыс.

*Филология ғылымдарының докторы, профессор  
Х.М.Нұрмұхановтың рухына арналады*

Құрамындағы компоненттерінің (яғни сөздерінің) санына қарамастан, ФЕ-нің мазмұны мен көлемі жағынан өзіндік ерекшеліктері бола тұрғанымен, семантикалық тұрғыдан белгілі бір тұтас мағынаны білдіретін «шоғыр тіркес» болып қабылданатыны ақиқат [1; 499].

Қазақ тіл білімінде фразеологизм мәселесі негізінде І.Кеңесбаев, Г.Мұсабаев, К.Аханов, М.Балақаев, Ә.Қайдаров, Ә.Болғанбаев, К.Қожахметова, Е.Смағұлова, Р.Жайсақовалардың, неміс тіл білімінде М.М.Копыленко, К.Г.Крушельницкая, З.Д.Попова, А.Д.Райхштейн, Л.И.Ройзензон, А.В.Федоров, К.Флекенштайн, Р.Эккерттардың, француз тіл білімінде Ш.Балли, В.Г.Гак, А.Г.Назарян, Р.А.Будагов, А.Доза, Н.А.Катагошина, Ю.С.Степановтардың еңбектерінде де қарастырылған.

Ал фразеологизмдерді семантикалық тұрғыдан талдау, зерттеу проблемаларына арналған еңбектер осы тілдерде де тым аз сияқты. Мысалы, қазақ тілінен біздің кездестіргендеріміз — І.Кеңесбаев сөздігіндегі «Фразеологиялық мағынаның қалыптасуы» деген тақырып көлеміндегі пайымдауы мен Р.Жайсақованың «Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің семантика-грамматикалық құрылысы» деген тақырыпта жазған кандидаттық диссертациясы.

Бұл мақаламызда біз алдымызға құрамында соматизмдері бар фразеологиялық тізбектерді парадигматикалық тұрғыдан талдау мақсатын қойып отырмыз.

Фразеологизмдердегі парадигматикалық қатынастарын фразеологиялық қатарлармен немесе жалпы лексемамен, фразеологиялық антонимдермен және біз қарастырғалы отырған фразеологиялық синонимдермен байланысты болып келетіні белгілі.

Фразеологиялық синонимдерге де, синонимиялық қатар құрайтын жеке сөздер сияқты, лексикалық мағыналары бір-біріне жақын, парадигматикалық деңгейде жалпы да, сондай-ақ дифференциалды да белгілермен сипатталатын фразеологизмдер жатады.

Алайда «синонимді ФЕ-лар мен жеке синоним сөздер арасында көзге түсер бір айырма бар». Синонимдес сөздердегі мағына жақындағы ФЕ-дағы мағына жуықтығынан әлдеқайда күштірек. Дегенмен «абсолют синонимдер жеке сөздерде де тым сирек кездеседі» деген ғалым сөзі, әрине, шындықтан қорытылған пікір [1; 609].

Орыс тіл білімінде фразеологиялық синонимдердің мынадай төрт түрлі белгісі:

- 1) семантикалық тұрғыдан өте жақын болғанмен, олардың арасында мағыналық, қолданылу реңктері жағынан айырмашылығы;
- 2) нақты бір сөз табымен арақатынасты болатыны;
- 3) құрылымдық-грамматикалық белгілеріне қарай ұқсас та, әр түрлі де болып келетіні;
- 4) бірдей немесе ұқсас лексикалық (және синтаксистік) тіркесімділігімен ерекшеленетіні сараланған [2; 201].

Біз фразеологиялық синонимдерді айқындауда, негізінде, осы белгілерді ескеріп отырдық. Жалпы, қазақ тілінің тұрақты тіркестерге, оның ішінде фразеологиялық синонимдерге де бай екені белгілі. Біздің байқауымызша, француз тілінде де бұл категорияның мол қалыптасқаны аңғарылады.

Бірақ бұл тілдің өзіне тән ерекшелігі, атаулар қайталанып келгенде, олардың мағынаны білдіру тәсілдерін түрлендіріп отыруға ден қойылатыны. Бұл — француз стилистикасының қатаң талаптарының бір шарты. Ашығын айтқанда, «le français a horreur de répétitions» (француз тілі қайталауларды жақтырмайды).

Айта кетейік, қазақ тіл білімінде синоним проблемасын ұзақ жылдар бойы және жан-жақты зерттеген ғалым Ә.Болғанбаев екен. Оның 1956 жылғы кандидаттық, 1970 жылғы докторлық диссертациялары осы мәселеге арналған.

Фразеологиялық синонимдер туралы ол: «Фразеологиялық синонимдер көркем образ жасау үшін қолданылады. Бұлардың өзіне лайықты орын тепкен мекені — көркем әдебиет. Сондықтан бұлар тілдегі кез келген стильде талғаусыз қолданыла бермейді», — деп ой түйеді [3].

Біз зерттеу жұмысымызды академик І.Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деп аталатын күрделі еңбегі бойынша жүргіздік.

Сөздіктен синонимдес 424 фразеологизм теріп алдық. Математикалық статистика әдісімен есептегенде, бұлардың 210-ының компонентінде соматизмдер бар, өзгелері антонимдес, көп мағыналы (полисемиялық) фразеологизмдер болды.

«Жүрек» сөзінен жасалған соматизм компоненттерден «қорқу» мағынасында қолданылатын синонимдес мынадай фразеологизмдерді кездестірдік: *жүрегі ұшты, жүрегі қозғалды, жүрегі қалтырады, жүрегі суылдады, жүрегі дір ете түсті, жүрегі зу ете қалды, жүрегі қорықты, жүрегі тас төбесіне шықты, жүрегі солқ етті, жүрегі қалмады, жүрегі мұздап сала берді, жүрегі суып қоя берді.*

Ал осы сөзден жасалған *жүрегі аттай дүрсілдеді, жүрегі тайдай тулады, жүрегі аузына тығылды, жүрегі жарылып кете жаздады, жүрегі алып ұшты, жүрегі лүп ете қалды (түсті)*-лерді екі ұдай («куану», «қорқу»); *жүрегі дауаламады, жүрегі торықты, жүрегі сыздады, жүрегі тоқтады*, тағы басқаларды әр түрлі сезімге байланысты қолданылатын фразеологизмдер деп қараймыз.

Сондай-ақ «ауыз» сөзінің доминанттығымен *мылжың, езбе, бөспе* мағынасында жұмсалатын «аузына түскенін айтады; аузына не түссе, соны айтады; аузына келгенді айтады; аузы сөзден босамайды; аузы тыным таппайды, аузы босамайды; аузы қарап отырмайды; ауыздыға сөз бермейді; көк ауыз, көбік ауыз» фразеологиялық синонимдері бар екенін анықтадық.

Алайда бұлардың үшеуін өзара фразеологиялық варианттар деп қараймыз. Себебі *түскенін, түссе, келгенді* дегендер — бір мағынадан, тек аздаған морфологиялық өзгерістерге түсіп, жұмсалып тұрған сөздер. Дегенмен, бұлардың қай-қайсы да, яғни «фразеологиялық синонимдерде, олардың варианттары да әр түрлі... Зат, сапа, іс-қимыл жөніндегі түсінікті айқындауда, сөз қолданыста бір сөздің уәжсіз қайталануын болдырмауда, жарыққа шығарылатын ойға лайықты әсерлік (экспрессивтілік); объективті, субъективті модальдық беруде және тағы басқаларда, бір сөзбен айтқанда, лексикалық синонимдер сияқты, тілде елеулі қызмет атқарады» [2; 265].

Жоғарыдағы «жүрек» сияқты, «ауыз» ұйытқы (доминант) сөзінен жасалған, әр түрлі мағыналық қатарларға жіктелетін фразеологиялық синонимдер де аз емес.

Мысалы, жағымда мәнді «аузы дуалы, аузының желі бар, аузынан дүр шашқан, аузынан жалыны шыққан, аузына қаратты»; жағымсыз мәнді «бейпіл ауыз, аузының дауасы жоқ, аузы желдей еседі, аузы жаман; аузына ақ ит кіріп, қара ит шығады; аузын басса, құйрығы сөйлейді» дегендер осындай тіркестер.

Бірақ мән-мағыналары соншама жақын, ұқсас болып келгенімен, бір қатардағы синонимдер сол фразеологизмдердің өзінің әрқайсысына тән стильдік реңкі болатыны ғылыми тұрғыдан дәлелденген жайт.

Бұл тұрғыдан келгенде, мұндай фразеологизмдердің кейбірі белгілі бір контексте бірін-бірі алмастыра алса, көпшілігі тек өздеріне лайық орындарда ғана жұмсала алады. Мысалдарды көрейік: Ұлы жүзде Қара би деген *аузы дуалы* би бар («Шешендік сөздерден»). *Аузының даруы* бар кісі еді, айтқаны келді («Абай тілі сөздігі»). Өзі де бір *бейпіл ауыз* адам екен: отырған әйелдерден де ұялған жоқ. *Аузына ақ ит кіріп, қара ит шыққан қонақ* сөздікте жоқ сөздерді шұбыртып-ақ отыр (Ғ.Мүсірепов).

Бұл сөйлемдердің алғашқыларындағы да, соңғы екеуіндегі де тұрақты тіркестерді өзара алмастырып қолдануға әбден болады. Себебі бұлар өте жақын мәндес фразеологизмдер. Айталық, *Аузы дуалы кісі еді — аузының даруы бар би, бейпіл ауыз, қонақ — аузына ақ ит кіріп, қара ит*

шыққан адам, сондай-ақ аузы жаман адам қонақ дегеннен контекстердің қай-қайсына да ешқандай (мағыналық та, стилдікте) нұқсан келмейді.

Ал олардың орнына аузының желі бар, аузынан дүр шашқан т.б. немесе аузы желдей ескен, аузын басса, т.б. синонимдерді қолдана алмаймыз. Себебі бұл тіркестердің семантикасында өзіндік реңк, айырмашылық бар. Мысалы, аузы дуалы айтқаны келетін, сәуегей адамға қатысты айтылса, аузының желі бар сөзге ұста, адамды үйіріп әкететін қабілеті, шешендігі бар кісіге қатысты қолданылады, тағысын тағылар.

Енді француз тілінің деректеріне ауысайық. Бұл тілдің тұрақты тіркестері компоненттеріндегі соматизмдердің құрамында *tête* (бас) лексемасының жиі ұшырасатыны байқалады.

Бірақ, өзге соматизмдермен салыстырғанда, бұл бесінші орындағы, 231 тіркестің компонентінде қолданылып жүрген соматизм болып шықты.

Бұл тіркестерде оның адамға берілетін жағымсыз мінездемеде жұмсау сипатын біз шартты түрде мынадай мағыналық топтарға жіктедік:

*Топас, парақсыз бас:*

*tête de mule* (сөзбе-сөз: есектің басы) — топас, зердесіз бас; *tête de lard* (сөзбе-сөз: шошқа бас) — ақымақ, қадірсіз бас; *tête de fer* (сөзбе-сөз: темір бас) — тоңмойын ақымақ, қоныр бас; *tête dure* (сөзбе-сөз: қатты бас) — ақпа құлақ; *tête à corvées* (сөзбе-сөз: ауыр жұмысты бас) — ақымақ бас; *tête de cochon* (сөзбе-сөз: шошқаның басы) — арбадан шыққан аттай, жүген-құрық тимеген асаудай, есектей қиқар (қисық); *tête de chou* (сөзбе-сөз: орамжапырақты бас) — нақұрыс, қаудан бас; *tête carrée* (сөзбе-сөз: төртбұрыш бас) — топас, кеше бас; *tête de bourrique* (сөзбе-сөз: есек бас) — қиқар, қасарма бас; *tête de boche* (сөзбе-сөз: аузы бас) — топас бас; *c'est une tête perdue* (сөзбе-сөз: бұл жоғалған бас) — ол мүлде зейінсіз, ақылсыз бас; *avoir la tête dure* (сөзбе-сөз: қатты басқа ие болу) — миғұла, топас болған бас.

*Есерсоқ, жынды бас:*

*avoir un cafard dans la tête* (сөзбе-сөз: басында графин бар) — жынды, есекқор бас, есі дұрыс емес бас; *avoir un grain de folie dans la tête* (сөзбе-сөз: басында мисыздықтың дәні бар) — ақылынан адасқан бас, есі дұрыс емес бас; *avoir la tête felée* (сөзбе-сөз: басында жарық бар) — есі дұрыс емес бас; *tête felée* (сөзбе-сөз: басы жарық) — делқұлы, жынды бас; *c'est une tête mal timbré* (сөзбе-сөз: бұл басы жаман штампталған) — оның есі дұрыс емес бас; *avoir une araignée dans la tête* (сөзбе-сөз: басында өрмекші бар) — өзін-өзі билей алмайтын, есінен айрылған бас.

*Дарақы, қылжақ бас:*

*avoir un coup de marteau sur la tête* (сөзбе-сөз: басында балға бар) — оғаш, дарақылау көріну; *avoir un coup de hache à la tête* (сөзбе-сөз: басында балтаның соққысы бар) — ақылына қиқым түскен, жынды адамдай болу.

*Алаңғасар, ұшқалақ бас:*

*c'est une tête folle* (сөзбе-сөз: бұл есі ауқандай бас) — ол тентек, ұстамсыз, жеңіл ойсыз, алаңғасар, ұшқалақ, жеңілтек бас; *tête écervelée* (сөзбе-сөз: алаңғасар бас) — зейінсіз, ойсыз, желөкпе бас; *avoir beaucoup de lunes dans la tête* (сөзбе-сөз: басында көп ай бар) — есерсоқ, жеңілтек бас; *avoir une chienne de tête* (сөзбе-сөз: ұрғашы иттің басы болу) — жаңғалақ, қаңғалақ, терең ойламайтын бас; *tête vagabonde* (сөзбе-сөз: қаңғыма бас) — миғұла бас, желөкпе бас; *tête sans cervelle* (сөзбе-сөз: ақылсыз бас) — алаңғасар, ұшқалақ, құйын мінезді ұйтқыма бас; *tête légère* (сөзбе-сөз: жеңіл бас) — жеңіл ойлы, жеңілтек бас; *mauvaise tête* (сөзбе-сөз: жаман бас) — ұстамсыз, қисынсыз, ойланбай сөйлейтін бас.

*Қарттар мен ауру адамдардың денсаулығы, ақыл-ой қабілетіне байланысты: n'avoir plus de tête* (сөзбе-сөз: бассыз) — алжыған, ақылынан адасқан бас.

Әрине, тіл-тілдің қай-қайсы да белгілі бір халықтың ұлттық қазынасы; ұлттық басты белгілерінің бірі болғандықтан, оның сол ұлт табиғатына сай өзіндік ерекшеліктерінде болатыны белгілі. Оның үстіне біздің нысан (объект) етіп зерттеп жүрген тілдеріміз тектес емес, әр түрлі: бірі түркі, екіншісі үндіеуропалық топтарға жататындықтан, бұлардағы айырмашылықтардың алуан түрлі болып келетіні — аксиома. Демек, сондықтан да бұл екі тілдегі қарастырылып отырған соматизмді фразеологиялық синонимдер грамматикалық, семантикалық жақтарынан ұқсастықтары болғанмен, контекстегі жұмсалыуында, стильдік қызметінде т.б. басым бірыңғайлық, дәлме-дәлдік таныта бермейді.

Қазақ және француз тіліндегі фразеологиялық синонимдерді ұйытқы компоненттеріне, жалпы тіркесімдік өрістеріне қарай мынадай түрлерге сараладық:

1) мағыналары бірдей (жалпы тұтас фразеологиялық мәні бар) синонимдер: *иықтан басты* — *иығына су кетті*, *бауыры езілді* — *бауырын елжіретті*, *être sans coeur* (сөзбе-сөз: жүрексіз болу) — *avoir le coeur sec* (сөзбе-сөз: құрғақ жүрек болу) — мейірімсіз, тас жүрек болу;

2) идеологиялық синонимдер: *ауызын арандай ашты* — *аузын үлкен ашты*, *миы айналды* — *миы қайнады*, *иық теңестірді* — *иық салыстырды*, *coeur de poulet* (сөзбе-сөз: тауықтың жүрегі) — *coeur de poule* (сөзбе-сөз: тауықтың жүрегі) — қоян/су жүрек, *coeur de roche* (сөзбе-сөз: тас жүрек) — *coeur de marbre* (сөзбе-сөз: мәрмәр жүрек) — тас жүрек.

Сөз соңында фразеологиялық синонимдердің, негізінде сөздердің ақиқат болмыстың әр түрлі суреттерінен туындайтын бейнелерге лайық метафоралық қолданысы нәтижесінде жасалатын, сонымен бірге екі тілде де, әсіресе атау қайталауларын болдырмауда тиімді қызмет атқаратынын айтамыз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1973.
- 2 *Фомина М.И.* Современный русский язык (лексикология). — М.: Высш. шк., 1983.
- 3 *Болганбаев Ә.* Қазақ тілінің лексикологиясы. — Алматы: Мектеп, 1988. — 115 б.

Л.Т.Жұмақанова, Ш.Т.Мұхамеджанова

### **Сопоставление фразеологических синонимов-соматизмов казахского и французского языков**

Представлена сопоставительная характеристика фразеологических синонимов-соматизмов казахского и французского языков. Выявлены сходства по типам — общего и идеологического значения.

L. T. Zhumakanova, Sh. T. Mukhamedzhanova

### **Comparison of the phraseological synonyms somatizations of the Kazakh and French languages**

The comparative characteristic of phraseological somatic synonyms of Kazakh and French languages is presented in this article. Similarities of synonyms-somatics of two types — of a general meaning and, so-called, ideological, are revealed in these languages.